

М. Джусупов

Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университеті, Ташкент
(E-mail: mah.dzhusupov@mail.ru)

Жаңа дәуірдегі жаңа сөздік

Мақала-пікірде Польшаның Краков қаласында жарық көрген «Қазақша-полякша сөздіктің» көлемі, мазмұны мен құрылымы талданып, оның саяси, дипломатиялық, мәдени, біліми, ғылыми мәні мен маңызы көрсетілді. Сөздік Шығыс пен Батыстың қарым-қатынасы үшін қажетті еңбек ретінде сипатталды. Аталмыш сөздіктің лексикатану тарихында алатын орны бағаланып, тілтанымдық, лингвомәдениеттік, лингвокогнитивтік, тарихи, әдістемелік жақтары да талданды. Автор 2011 ж. жарық көрген «Қазақша-полякша сөздікті» қазіргі заманауи талаптарға сай екендігін айта келе, қостілді сөздіктің ішкі дүниесі, құрылымы әрі классикалық, әрі жаңашыл деп бағалады.

Кілт сөздер: қазақ, поляк, тіл, қостілді сөздік, әлеуметтік салалар, қарым-қатынас.

Бүгінгі тіл білімінде лексикография мәселесі үлкен орын алады. Барлық жазба тілдердің сөздіктері жарық көріп жатыр. Қазіргі заманауи сөздіктер көп жағдайда екі тілді я үш тілді болып жарық көреді. Оның себебі — ұлтаралық, мемлекетаралық қатынас ұлғайып барады, сондықтан бүгінгі жаһандану саясатында қатынастың бәрі биік қызмет атқарады. Қостілді я көптілді сөздіктер сол тілдесімдік қатынасты күшейтуге, жүйеге келтіруге лексикалық негіз болып табылады.

Қазақ, поляк және әлемдік лексикографияда бір жаңалық дүниеге келді. Ол жаңалық — «Қазақша-полякша сөздік». Сөздік — адамзат тарихында үлкен қызмет атқаратын жазба дүние; әр дәуірдегі тілдің байлығын, екі-үш-төрт тілдің лексикалық қорындағы мағыналық ұқсастықтар мен айырмашылықтарын таңбалап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін лексикографиялық ескерткіш. Лексикография ілімі тіл білімі құрамында жеке ғылым ретінде қалыптасты, себебі адамзаттың кешегі, бүгінгі, ертеңгі тарихында сөздіктің жан-жақты мәні өте биік [1–6]. Лексикографияның бірнеше салалары бар. Лексикографияның негізгі нысаны мен пәні — сөздік жасаудың теориясы және тәжірибесі (практикасы) [6; 258, 259].

Гүляйхан Ақтай мен Хенрик Янковскийдің «Қазақша-полякша сөздігі» («Słownik kazachsko-polski») практикалық лексикография саласында жүргізілген ізденістердің нақты көрсеткіші, нәтижесі [7]. Сөздік 2011 жылы Поляк Республикасының үлкен ғылыми орталығы — Краков қаласында жарық көрді. Сөздікке 20000 (20 мың) сөз енген, көлемі 640 бет.

Сөздіктің авторлары (құрастырушылары) Познань қаласындағы Адам Мицкевич атындағы Университеттің азиятану кафедрасының түрік және қазақ бөлімінің қызметкерлері — ғылым докторлары, профессорлар Гүляйхан Ақтай және бүгінгі түріктану әлемінде үлкен орынға ие болған ғалым Хенрик Янковский.

Жалпы айтатын болсақ, профессор Хенрик Янковский және профессор Гүляйхан Ақтай Еуропаның қақ ортасында (Познань қаласында) қазақ тілін дамытып, еуропалықтардың арасынан қазақ тілін қолданушылардың санын көбейтіп, қазақ тілін зерттеушілерді саналы деңгейде дайындап жатқан белгілі тілшілер.

Қазақ тілі бөлімін Адам Мицкевич атындағы Университетінде ашып, оны қалыптастырып, жоғарғы деңгейге көтеруде профессор Хенрик Янковскийдің қызметі теңсіз. Бас иіп, тізе бүгіп, тағзым жасайық. Осы рецензияның авторы (яғни Маханбет Джусупов) 2001 жылдан бері сол жағдайдың басы қасында болғандықтан, осындай биік баға беріп отыр.

Адам Мицкевич атындағы Университеттің құрамында әр жылы 15–16 баланы қазақ бөліміне (бакалавр) қабылдайды (барлық орындар — грант, яғни бюджеттік). Одан басқа магистратура бөлімі де бар. Дәл осындай жағдай түрік тіліне де толық қатысты.

Алматы, Астана, Қарағанды... қазақтарының біразы қазақ тілінде сөйлемейді, бірақ Еуропада (Польшада) біраз еуропалықтар қазақша сөйлейді және қазақ тілін кәсіби (мамандық) тіл деңгейінде қолданады. Ғажайып жағдай. Бұл жағдайды бүгінде өмірге келтіргендер профессор Хенрик Янковский, профессор Гүляйхан Ақтай және сол бөлімде жұмыс істейтін тағы да басқа оқытушылар. Кімге рахмет айтамыз? Алматыда, Астанада, Қарағандыда генетикасы қазақ балаларын қазақшадан жырақта қалдырған ата-аналарға ма, оқу департаменттеріне ме, мұғалімдерге ме, жоқ, әлде қазақ тілді

ортасы жоқ Еуропада, генетикалық поляк және басқа ұлт балаларын қазақша сөйлейтіп, қазақ тілі негізінде әлеуметтік қызмет атқару деңгейіне жеткізген ұлты қазақ емес, ғұлама түркітанушы Хенрик Янковский және оның төңерегіндегі, сонымен бірігіп, соның бағдарламасымен қазақ тілін жат елде дамытып жатқандарға ма? Әрине, Хенрик Янковскийге және ол жетекшілік жасайтын бөлімдегі қызметкерлерге.

Осындай жағдай болған соң (қазақ тілі маманын поляк жастарының ішінен дайындау), жаңа лұғат (сөздік) қажеттілігі туды. Сол себепті қазақша-полякша сөздік жасалды. Үлкен жеңіс. Жалпы тіл танымы ғылымындағы үлкен лексикографиялық, әлеуметтік табыс.

Адам Мицкевич атындағы Университеттің құрамында қазақ бөлімінің ашылуына 10 жыл толмай 20 мың сөзден тұратын үлкен қазақша-полякша сөздік жарық көрді. Сөздік студенттің, жалпы оқырманның қолына тиді.

Қазақстанда ағылшын, француз, неміс тілдері қазақ мектептерінде оқытылады (шет тілі пәні). Шет тілдерінің қазақ мектебіне жеке пән ретінде енгеніне 70 жылға жуық уақыт болды. Бірақ жақын күнге дейін бастауыш сыныптарға, я басқа (одан жоғары) оқу деңгейіне арналған жеке қазақша-ағылшынша, қазақша-французша т.б. сөздіктер жарық көрмеді. Бар сөздіктер — жалпы сөздіктер. Ол сөздіктерде адресат пен адресанттың арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері ескерілмеген: я білім деңгейіне байланысты, я әлеуметтік топтың ерекшеліктеріне, я лингводидактикалық және әдіснамалық концепцияларға, я сөздер минимумына байланысты.

Арнайы қазақша-жат тіл сөздіктері енді шыға бастады (70 жылдан соң). Ал арнайы қазақша-полякша сөздік Польшада қазақ бөлімінің ашылғанына 10 жыл толмай жарық көріп тұр. Бұның себебі неде?

Біріншіден, іскерлікте, биік кәсіпқойлықта; екіншіден, саяси және әлеуметтік сәтті түсіне біліп, сол беті бері қараған саяси-әлеуметтік жағдайды уақытында пайдалануда; үшіншіден, өз кәсібіне биік құрметпен қарауда; төртіншіден, әр түрлі әлеуметтік топтар арасында өзінің мамандығына байланысты жағдайларды кеңірек таратуды мақсат тұтуда т.б.

Сонымен, қазақша-полякша сөздік — арнайы сөздік, себебі лұғатқа сөйлесім және жазылым тілдесімі түрлерінде жиі қолданылатын 20 мың сөз енген. Сөздік лексикография ілімінің талаптарына, ұстанымдарына толық жауап береді [6].

Сөздіктегі 20 мың сөз әлеуметтік салалардың негізгі бес түрінде жиі қолданылатын функционалдық стильдерінің тіл бірліктері. Ол әлеуметтік салалардағы функционалдық стильдер мыналар: тұрмыстық қарым-қатынас стиль саласы; ресми стиль саласы; публицистикалық стиль саласы; ғылыми стиль саласы; көркем әдебиет стиль саласы. Сонымен, тұңғыш жарық көрген қазақша-полякша сөздік бүгінгі қоғамдық өмір сүру салаларының негізгі ұғымдық дүниелерін қамтыған. Яғни бұл сөздік әрі арнайы, әрі жалпылама:

1) арнайы, себебі әр әлеуметтік салада қызмет атқаратын тұлға сөздікті қолданса болады;

2) жалпылама, себебі сөздік бір әлеуметтік топқа, я нақты бір білім беру деңгейіне бейімделмеген. Әр әлеуметтік саладағы қызметкер, әр білім беру деңгейіндегі оқытушы және оқушы сөздіктен өзінің әлеуметтік өмір сүру дағдысына байланысты сөз бірліктерінің аударма түсіндірмесін тауып алып қолданады.

Сөздіктің жалпы саяси, дипломатиялық, тілтанымдық, әлеуметтік, ағартушылық мәні өте биік. Сөздіктің саяси және дипломатиялық мәні теңсіз. Бұл сөздік Қазақстанның тәуелсіздік өмір сүру заманында жарық көріп тұр. Тәуелсіздік Қазақстанның басқа мемлекеттермен, халықтармен саяси, дипломатиялық, біліми, ғылыми қарым-қатынастарды өз еркімен, өз көзқарасымен жасауға жағдай жасады. Талқылап жатқан полякша-қазақша сөздік — сондай еркін саясат жүргізу барысының нәтижесі.

Сөздіктің дипломатиялық мәніне келетін болсақ, онда бұл еңбек Қазақстан мен Польша қарым-қатынасын араша тілсіз (орыс, ағылшын), екі елдің мемлекеттік тілдерінде жүргізу мүмкіндігіне үлкен ықпалын тигізетіндігін айтуымыз керек. Бұл сөздік қазақша-полякша қатынастардың басталуына, жалғасуына, қалыптасуына негізгі ауызша және жазбаша тілдесімдік құрал болайын деп тұр. Батыс пен Шығыс көне заманнан бері тығыз қарым-қатынаста. Бүгінде көп жағдайда Батыс пен Шығысты сөз қылғанда Еуропа және Азия (Азия және Еуропа) дейді. Мұндай синонимиялық атауға біз қарсы емеспіз. Бұрынғы Кеңес мемлекетінің «күшағынан» шыққан Азиядағы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің Еуропамен қарым-қатынасы тікелей болды. Бұл жағдай Еуропа мемлекеттері мен Орталық Азиядағы бүгінгі егеменді республикалардың қарым-қатынас үрдісіне жаңа рухани, жаңа қоғамдық, жаңа психобейнелік, жаңа тілдесімдік түсініктер алып келді.

Сондай жаңашыл көрсеткіштің бірі — «Қазақша-полякша сөздік». Еуропа мен Азияның көп ғасырлы қарым-қатынасының тарихында бұл сөздік сол үлкен және ұзақ тарихтың жаңа бетін, жаңа қырын ашып, жарнамалап тұр, яғни жаңа дәуірде сол көне тарихтың тың жерлерінің біразын игеріп, гүлдастан етіп тұр.

Сөздіктің әлеуметтік мәні де жоғарғы деңгейде. Сөздік лексикографиялық құрал ретінде түрлі-түрлі әлеуметтік салаларда қызмет ететін, оқитын т.б. жеке адамдарды, қоғамдық топтарды қостілділікті игеруде тілдесімдік қарым-қатынас кеңістігін кеңейтуде, тереңдетуде, биіктетуде сапалы қызмет атқаратын болады.

Сөздіктің жалпы тілтанымдық және лексикографиялық мәні де орасан биік:

1) қазақша-полякша сөздік қазақ тіл біліміне де жалпы және салыстырмалы тіл біліміне де жаңалық алып келіп тұр, себебі екі ұлттың тілтанымды ғылымында бұрын кездесетін жаңа ұғымдарды, олардың атамаларын алып келді;

2) қазақша-полякша сөздік жалпы славянтанымына да, түркітанымдына да жаңашыл материал, жаңашыл ықпал алып келді. Бұл сөздік кеше, я арғы күні кездеспеген екі тілді сөздіктерді жасауға үлгі болып тұр (полякша-өзбекше, болгарша-қазақша, болгарша-өзбекше т.б.);

3) қазақша-полякша сөздік әлемдік лексикография тарихында бірінші рет жасалып тұр. Яғни сөздік тек поляк, я тек қазақ тіл білімдерінің лексикографиясының деңгейін ғана емес, әлемдік лексикографияның деңгейін де әрі көтеріп, әрі кеңейтіп тұр.

Сөздіктің ағартушылық және біліми мәні бар екендігі де күдік тудырмайды. Әр сөздік (әсіресе қостілді сөздік) міндетті түрде жаңа қоғамдық, ғылыми, біліми, тағы басқа ақпараттың кені. Екінші тілді игеріп жатқан тұлға үшін мұндай ақпарат үлкен ағартушылық, біліми қызмет атқарады, себебі ол ана тілінде білетін ұғымдардың, құбылыстардың... атауларын, қолданыс салаларын, тілдік, тілдесімдік және әлеуметтік қасиеттерін игереді, ал мұндай жағдайдың негізгі қорытындысы — ағартушылық, біліми.

Сөздік қазақша-полякша болғандықтан, еңбектің бірінші материалы қазақ тілі материалы болып тұр. Поляк тілі екінші, яғни аударма, тіл. Сөздіктің мағыналық құрылымы осындай болған соң сөздікте қазақ тілінің, қазақ дүниетанымының, қазақ мемлекетінің ішкі және сыртқы дүниесі славян тілдерінің үлкен бір түрі — поляк тілінде тікелей (сөзбе-сөз) аударылып (тура баламасы, эквиваленті бар болса), я түсіндірмелеу әдісімен беріліп тұр (тура баламасы (эквиваленті) жоқ болса).

Сөздіктегі аудармашылық еңбекке тағатын мініміз жоқ. Аударма ілімінің (тәржімелеу) әдіс-тәсілдері орынды және ұтымды қолданылған.

Сонымен, сөздікте 20 мың сөз аударылған. Мұнша сөз көлемі екінші тілді игеруге жеткілікті ме? Жоғарыда айтып өттік, жеткілікті. Мұндай шешімнің дәлелі, яғни, ғылыми негізі бар. Бұл мәселеде біз психологтардың, психолінгвистердің, лингводидакттардың, әдістемешілердің зерттеу жұмыстарының қорытындыларына сүйеніп отырмыз. Олар былай дейді. Бір қарапайым адам (бір тілдік тұлға және сол тілде сөйлейтін жалпы қоғам) өмірінде 10 мыңға (10000) жуық сөзді игереді екен (ғалым емес, филология маманы емес, яғни қатардағы тілді қолданушы индивид). Сол 10 мың сөздің 5 мыңын (50000) тіл тұлғасы 5 жасқа толып алты жасқа аяқ басқан кезде игеретін болады екен. Яғни 5 жасқа толған соң бала ана тіліндегі (я ана тілінің қызметін атқарған тілдің) 5 мыңға жуық сөзді түсінетін болады: біреу сөйлегенде құлағымен қабылдап, мағынасын түсініп, өзі де тілдесім барысында қолдана алатын болады. Бес жастан алты жасқа кетіп жатқан бала 5 мың сөзді жатқа айтып бере алмайды, бірақ сөйлесім барысында (тілдік қарым-қатынаста) сонша сөзді түсіне алады. Сол бес мың сөздің құрамындағы кейбір сөздер бала үшін бейтаныс, жат тілдің сөзі деңгейінде, ұғымында естілмейді. Қалған 5 мың (5000) сөзді адам бүкіл өмірі бойы игереді екен (біреу тезірек, біреу жай т.б.). Біреу 10 мың сөзді білгенімен, оны қолданбайды да, себебі оның күнделікті өмір сүру дағдарысында он мың сөзді қолдану қажет емес.

«Қазақша-полякша сөздікте» («Słownik kazachsko-polski») 20 мың сөз. Яғни бұл сөздік кішкентай емес, себебі қарапайым тіл тұлғасы игеретін 10 мың сөзден екі есе көп. Сонымен, бұл сөздік психолінгвистикалық, психолінгводидактикалық, әдістемелік талаптарға да сәйкес жасалған болып тұр.

Сөздік құрылымы әрі дәстүрлі, әрі инновациялық. Сөздік 12-бөлімшілерден тұрады.

1.а) Сөздіктің мұқабасына қалың ламинация жасалған. Мұқабаның түсі аспан ренгі (көгілдір). Авторлардың аты-жөні қара әріптермен маркерленген. Сөздіктің аты үлкен ақ әріптермен маркерленген. Мұқабаның сол жағында вертикаль (тік) түрде қазақша ою-өрнек суреттелген. Мұқабаның төмен жағында «KSIEŹRNIĄ AKADEMICKĄ»-ның аты және логотипі көрсетілген.

Барлық жазулар поляк тілінде берілген. Сөздік мұқабасының екінші бетінде — сөздік жайында қысқа мәлімет, штрихкод, қазақша ою-өрнек таңбаланған. Барлық жазулар поляк тілінде берілген.

ә) Одан соң сөздіктің титул парағы. Онда авторлардың аты-жөні, сөздіктің аты, кітаптың шыққан жылы (2011), қаланың аты (Краков) және «KSIĘGARNIA AKADEMICKA»-ның аты және логотипі көрсетілген.

2. Сөздіктің ішкі дүниесінің мазмұны (оглавление) 12 бөлемшеден тұрады. Тарау, тармақ, бөлім, бөлімше атаулары поляк тілінде берілген.

3. Одан соң поляк тілінде қысқа аннотация берілген (Drzedmowa).

4. Одан соң поляк тілінде қазақ лексикографиясы жайында мәлімет берілген [7; 9–13].

5. Сөздіктің 14–18-беттерінде жалпы қазақ тілі, қазақ лексикографиясы жайында (монотілді, қостілді) библиография берілген. Библиография жан-жақты, яғни толымды берілген.

6. Сөздіктің 19–22-беттерінде қазақ тілінің әліпбиі жайында, кейбір сөздер мен сөз тіркестердің ішкі мағынасындағы фонотиптік ерекшеліктері жайында поляк тілінде мәлімет берілген. Мысалы: *тұрғын, тұрғын үй; самауырын — самауыр; шуақ — шуағы* т.б.

7. Сөздіктің 22–23-беттерінде пайдаланылған қосымша лұғаттық таңбалар тізімі берілген. Оларға поляк тілінде түсініктеме келтірілген.

8. Сөздіктің 23–24-беттерінде лұғатта пайдаланылған шартты қысқартулардың латиницадағы тізімі, поляк тілінде түсіндірмелері берілген.

9. Сөздіктің 25–26-беттерінде қазақ әліпбиінің тізімі, әріптердің аталуы, сөйлем үрдісіндегі дыбысталуы (орфоэпия), латын жазуындағы баламалары берілген.

10. Сөздіктің 26-бетінде қазақ тілі сингармофонемаларының (фонемаларының, яғни сөз мағынасын өзгертетін дыбыстарының) түрлері (классификациясы, жүйеленуі) жайында поляк тілінде қысқа, бірақ нақты мәлімет берілген.

11. Лұғаттың 27–600-беттерінде қазақша-полякша сөздіктің өзі (яғни сөз тізбегі) аудармасымен берілген. Сөздік әліпбилік ұстанымда жазылған.

12. Сөздіктің 601-бетінен бастап соңына (640-бетіне) дейін қазақ тіліндегі адам есімдерінің (аттарының) тізімі алфавиттік (әліпби) ретте берілген.

Сөздіктің бұл бөлімінің басында қазақ тіліндегі адам аттары (есімдері) жайында қысқа мәлімет берілген (жасалу жолы, жазылу ерекшеліктері), содан соң есімдер тізімі басталады.

Адам есімдері сөздіктің бұл бөлімінде бір бетте екі қатар болып берілген, ал бұның алдындағы жалпы қазақша-полякша сөздік бір бетте бір қатармен берілген: қазақ сөзі — поляк тіліндегі аудармасы.

«Қазақша-полякша сөздікке» қазақша адам есімдерін жеке бөлім етіп, екі қатармен 40 бетте беру — үлкен ұтыс, жаңалық, себебі бұдан басқа (біз білетін) қазақ тілі және қостілді сөздіктерде адам есімдерінің бөлек лұғатша болып берілгенін кездестірмедік [8].

Бұл жағдай қазақша-полякша сөздіктің инновациялық (жаңашыл) қыры көлемді екенін көрсетіп тұр.

Екінші тілге үйрету барысында әдет бойынша фонетикаға, лексикаға, грамматика, синтаксиске, тілдесім түрлеріне (тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым, аударма, іштей сөйлеу) үлкен көңіл бөлінеді. Лексикаға байланысты сол тілдегі географиялық атауларға, салт-дәстүр түрлерінің айтылуына (яғни лингвомәдениеттануға), мемлекеттанымға байланысты теориялық, әсіресе практикалық (тәжірибелік) лингводидактикалық және әдістемелік ізденістер, ұсыныстар жасалады, оқулықтар, оқу құралдары жазылады.

Жат тілді үйрену барысында тұлға қоғам тілді жүйе ретінде (статиканы және динамиканы) игереді. Бірақ көп жағдайда сол оқыту жүйесі құрылымының ішкі дүниесінде адам есімдеріне көлемді көңіл бөлінбейді. Тек екінші тілге үйрету барысында тілдесім сәттерінің түрлеріне байланысты мәтіндегі контекстің мағынасына байланысты екі тілдегі адам есімдері пайдаланылады. Яғни екінші тілдегі адам есімдеріне байланысты арнайы лингводидактикалық, әдістемелік іс-әрекеттер жасалмайды, я өте сирек жасалады. Сондықтан тұлғаның, әлеуметтік топтың екінші тілді игергенімен, сол тілдегі адам есімдерінің көлемі, түрлері, этимологиясы т.б. жайында хабары өте аз болады.

Бұл еңбекте («Stownik kazachsko-polski») осындай көлеңкеде қалып кететін мәселеге (адам есімдеріне) үлкен көңіл бөлінген. Сөздіктегі адам есімдерінің қазақша атауларының саны — 3131. Бұл көлемді дүние. Жат (екінші) тілдегі адам есімдерін жақсы білудің (мағынасын, шығу тегін, фонотиптіктерін, толық және қысқартылған түрлерін, стилистикалық реңкін (кітаби, бейтарап,

тұрмыстық қарым-қатынас, яғни көтеріңкі, нейтрал, төмендетілген) үлкен лингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, лингвокогнитивтік мәні бар. Себебі қазақ халқы балаға ат қойғанда ниетпен қояды. Мысалы: *Бахыт* (бахытты болсын, өмірі қиын болсамын); *Ұлжалғас* (көп қыздан соң ұл туылсын); *Айсұлу* (қыз айдай жарық, нұрлы, түнде жарық, беті айдай сұлу болсын); *Абай* (Абайдай биік саналы, терең ойлы, парасатты, ақын жүрек болсын); *Айдария* (қыз айдай жарық, нұрлы, кең-жарқын дарияның суын түнгі ай жарқыратқандай жарық, сұлу, кең, мол болсын).

Сонымен екінші (үйреніп жатқан) тілдегі адам есімдерінің түп мағынасын білу халықтың ішкі дүниесін, мәдениетін, тарихын игеруге негізгі фактордың бірі болады: символ-есімдердің (*Күлтегін*, *Алпамыс*, *Абай*, *Махамбет*, *Исатай*, *Кенесары*) лингвомәдениеттік дүниесін, есім ұғымының лингвокогнитивтік құрылымын, когнитивтік картасын игеруге орасан көмегі тиеді.

Сонымен, тілдегі адам есімдерінің қорынан жасалған сөздіктің нақ тұлғанымдық, лингвомәдениеттік, лингвокогнитивтік, тарихи, әдістемелік т.б. мәні өте биік. Біздің ойымызша, «Қазақша-полякша сөздіктің» («Stownik kazachsko-polski») авторлары Гүляйхан Ақтай, Хенрик Янковский осы нақ ғылыми және біліми-әдістемелік жағдайларды терең түсінгендіктен, сөздіктің құрамына қазақша адам есімдерінің сөздікшесін енгізген (3131 есім). Әрине, есімдер сөздікшісіне қазақ есімдерінің бәрі енбеген, бірақ басым көпшілігі қамтылған. Мысалы: *Шәкір*, *Шәкірбек* есімдер сөздікке енген де, осы есімнің толық түрі (*Шәкірмәкірін*) сөздікке енбей қалған [7; 238].

Сөздік жасаушылардың жоспарында қазақша есімдердің бәрін сөздікке ендіру керек деген ұстаным болмаған. Неге?

Біріншіден, бүгінде қазақша адам есімдерінің бәрін лұғатқа енгізу мүмкін емес, себебі күн сайын жаңа есімдер пайда болып жатыр. Мысалы; Азия ойындарынан соң, Жапонияға барып келген бір профессор дүниеге келген немересін *Сакура* деп атады; бұрын қазақтың *дария* сөзінен жасалатын қыз есімі болмаған. Бүгінде қазақ тілінің сөзжасам жолдарын пайдаланып, *Айдария*, *Гүлдария*, *Ақдария* есімдері пайда болды. Осы үш есімнің екеуі (*Айдария*, *Гүлдария*) сөздіктен орын алған, ал біреуі (*Ақдария*) сөздіктен орын алмаған. Мұндай жағдай қазақ есімдерінің қорының күннен күнге, жылдан жылға қарай көбейіп бара жатқанын білдіреді, типологиялық түрлерінің жан-жақтылығы кеңейіп, биіктеп, тереңдеп бара жатқанын білдіреді.

Екіншіден, сөздіктің авторлары қазақша есімдер лұғатшасын жасағанда, қазақ есімдерінің жасау үлгісін, жолдарын (сөзжасам үлгілерін) және негізгі (дәстүрлі) қалыптасқан түрлерін танбалауда жарнамалауды көздеген. Сөздік авторлары бұл міндеттемені жоғарғы деңгейде орындаған.

Әрине, сөздік авторлары қазақ есімдерінің лұғаттамасын жасау барысында есімдердің шығу тегі (этимологиясын) жайында қысқа мәлімет бергенде нұр үстіне нұр болар еді. Мысалы: діни, араб, парсы, жалпы түркі, латын, грек, нақ қазақи т.б. Біздің ойымызша, талқыланып жатқан сөздіктің жасалу үрдісінде ондай міндет орын алмаған, себебі бұл сөздік этимологиялық сөздік емес, я тек қазақ есімдеріне арналған сөздік емес. Сөздіктегі қазақ есімдерінің лұғатшасы, қазақ тілі жайындағы мәліметті оқырманға жан-жақты беру үшін жасалған. Бұл міндеттемені Гүляйхан Ақтай мен Хенрик Янковский жоғарғы деңгейде орындаған.

Қазақ есімдері жайында этимологиялық мәлімет беру, сөздік авторларының келешек еңбектерінен орын алар деген үміттеміз. Бұлар жасаған үлкен дүниедегі (есімдер лұғатшасындағы) адам есімдерінің әрқайсысына шығу тегі жайында мәлімет берілсе, онда бұл еңбек жеке «Қазақ есімдері сөздігі» ретінде жарық көруі тиіс.

Ондай сөздіктер әлемдік тіл білімінде жасалған. Мысалы, жақында (2012 жылы) Польшаның Познань қаласында «Словарь древнерусских именований XI–XIV веков» атты сөздік жарық көрді. Авторы — Мариан Войтович [9]. Еңбек Познань лингвистикалық мектебінің дәстүрінде орындалған. Осы сөздікте көне орыс тіліндегі адам есімдерінің шығу тегі (этимологиясы) және қандай жазба ескерткіштерде кездесетіні жайында мәлімет берілген [9].

Қазақ тіл білімінде «Қазақ есімдері: сөздік-анықтама» бар. Ол еңбектің авторлары — Т.Жанұзақов, К.Есбаева [10]. Біздің айтып тұрғанымыз: қазақ есімдері сөздігінде ғылыми мәлімет толықтырылған болса: этимология, қай дәуірде қазақ тіліне енді, қандай сөзжасам үлгісімен жасалған, бірінші рет қандай көне жазба ескерткіштерде, мифтерде, аңыздарда кездеседі, орфоэпиялық фоноварианттары, стилистикалық ерекшеліктері т.б.

Біздің ойымызша, қазақ есімдерін жоғарыда көрсетілген мәліметтермен толықтырып, жеке сөздік ретінде жарияласа, қазақ тіл біліміндегі тың болып жатқан бір сала игерілген болар еді. Осындай еңбекті (қазақ есімдері сөздігін) дүниеге келтіруге бүгінде ең жақын тұрған мамандар — Хенрик Янковский мен Гүляйхан Ақтай.

Поляк халқынан шыққан зиялылардың Қазақстанмен, қазақ халқымен байланысы XIX ғасырда басталған. Ресей Империясының мекемелерінде қызметте болған поляк зиялылары (тарихшы, өлкетанушы, мемлекет қызметкерлері) қазақ жеріне әр түрлі жағдайлармен келіп (жер аударылу, қызмет бабымен т.б.), тек колониялық емес, ағартушылық та, өлкетанушылық та, тарихи да ізденістер алып барған я ұйымдастырған. Сондай поляк зиялыларының бірі — әскері тұлға, полковник К.К.Гутковский [11; 131, 232].

К.К.Гутковский Шоқан Уәлихановпен тығыз байланыста болған, яғни достық және кәсіби қарым-қатынаста. К.К.Гутковский Шоқан Уәлихановтің ұлы тұлға ретінде қалыптасуына өзінің жағымды әсерін тигізген зиялы, XIX ғасырдағы қазақ ұлтының ішкі және сыртқы қасиеттерін орыс тілінде көрсетуде көзге түсетіндей із қалдырған тұлға. XX ғасырдың соңы — XXI ғасырдың басында қазақ тілімен жалпы қазақтану мәселелерімен терең және кең шұғылданып жүрген поляк зиялылары қатарынан шыққан ірі түркітанушы профессор Хенрик Янковский.

Сонымен, қазақ жерінде XIX ғасырда ұлты поляк зиялылар салып кеткен ғылыми арна қазіргі кезде қайтадан жаңғыртылды: жаңғырту үрдісінің шырақ жағушылары — профессор Хенрик Янковский және оның Познань қаласындағы Адам Мицкевич атындағы Университетте қызмет атқаратын, зерделі ғалым, қазақтың қызы, жұбайы Гүляйхан Ақтай.

Жақсы бастау сәтті жалғасын тапты.

Сонымен, қазақ-поляк қостілді сөздіктің ішкі дүниесі, құрылымы әрі классикалық, әрі жаңашыл. Сөздік авторлары Гүляйхан Ақтай, Хенрик Янковский өз еңбектерінің келешегіне ғылыми-әдістемелік жаңашыл көзқараспен қараған. Яғни «Қазақша-полякша сөздік» («Stownik kazachsko-polski») — жаңа дәуірдегі жаңа сөздік.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Апресян Ю.Д.* Избранные труды. — Т. 2. Интегральное описание языка и системная лексикография. — М.: Языки русской культуры, 1995. — 767 с.
- 2 *Залевская А.А.* Слово в лексиконе человека. Психолингвистическое исследование. — Воронеж: Изд-во Воронеж. ун-та, 1994. — 206 с.
- 3 *Берков В.П.* Двухязычная лексикография. — СПб.: Изд-во СПбГУ, 1996. — 248 с.
- 4 *Дубчинский В.В.* Лексикографические заметки. Рекомендации создателям словарей. — Харьков: Изд-во ХПУ, 1994. — 301 с.
- 5 *Малбақов М.* Қазақ сөздіктері: Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ сөздіктері хақында. — Алматы: Ана тілі, 1998. — 112 с.
- 6 *Гак В.Г.* Лексикография // Большой энциклопедический словарь. — Языкознание / Гл. ред. В.М.Ярцева. — 2-е (репринт.) изд. — М.: Бол. рос. энцикл., 2000. — С. 258, 259.
- 7 *Gülayhan Aqтай, Henryk Jankowski.* Stownik kazachsko-polski. — Krakow: KSIEGARNIA AKADEMICKA, 2011. — 640 с.
- 8 *Махмудов Х., Мұсабеков Қ.Б.* Қазақша-орысша сөздік. — 4-бас. — Алматы: Өнер, 1998; Русско-казахский словарь: в 2 т. — Алматы: Арыс, 2007; Қазақша-орысша сөздік. — Алматы: ДАЙК-ПРЕСС, 2001.
- 9 *Мариан Войтович.* Словарь древнерусских личных именований XI–XIV веков. — Познань: Познаньское общество друзей, 2012. — 160 с.
- 10 *Жанұзақов Т., Есбаева К.* Қазақ есімдері: анықтама сөздік. — Алматы: Ғылым, 1988. — 480 б.
- 11 *Валиханов Ч.Ч.* Собрание сочинений: в 5 т. — Т. 5. — Алматы: Гл. ред. Казахской сов. энцикл., 1985. — 502 с.

М. Джусупов

Новый словарь нового времени

В статье-рецензии исследованы содержание, объем и структура казахско-польского двуязычного словаря, отмечено его политическое, дипломатическое, образовательное, культурное и научное значение для взаимоотношений между Востоком и Западом. Высоко оценены место и роль двуязычного словаря в истории лексикографии, сделан анализ с лингвистической, лингвокультурологической, лингвокогнитивной, исторической и методической сторон. Автором отмечено, что двуязычный словарь, изданный в научном центре Польской Республики — Кракове, отвечает всем современным требованиям, соединяя в себе классический и новаторский подходы.

M. Dzhusupov

New dictionary of modern times

In article-review the content, volume and structure of the Kazakh-Polish bilingual dictionary is investigated, it is noted its political, diplomatic, educational, cultural and scientific values for relationship between the East and the West. The place and a role of the bilingual dictionary in the history of a lexicography are highly appreciated, it is analyzed from the linguistic, linguoculturological, lingvokognitivny, historical, methodical party. The author of article notes that the bilingual dictionary published in scientific center of the Polish Republic — Krakow, meets all modern requirements, according to contents and structure is both classical, and innovative.

References

- 1 Apresyan Yu.D. *Chosen works*, 2. Integrated description of language and system lexicography, Moscow: Culture languages, 1995, 767 p.
- 2 Zalevskaya A.A. *The word in a lexicon of the person. Psycholinguistic research*, Voronezh: Publ. of the Voronezh State University, 1994, 206 p.
- 3 Berkov V.P. *Bilingual lexicography*, Saint Petersburg: Publ. SPSU, 1996, 248 p.
- 4 Dubichinsky V.V. *Lexicographic notes. Recommendations to creators of dictionaries*, Kharkiv: Publ. KhSU, 1994, 301 p.
- 5 Malbakov M. *Kazakh dictionaries: About the Kazakh dictionaries before October revolution*, Almaty: Ana tili, 1998, 112 p.
- 6 Gak V.G. *Big encyclopedic dictionary*, Linguistics. / Ed. V.M.Yartseva, Moscow: Big Russian encyclopedia, 2000, p. 258, 259.
- 7 Gülayhan Aqtay, Henryk Jankowski. *Słownik kazachsko-polski*, Krakow: KSITGARNIA AKADEMICKA, 2011, 640 p.
- 8 Makhmudov Kh., Musabekov K.B. *Kazakh-Russian dictionary*, Almaty: Oner, 1998; Russian-Kazakh dictionary: In 2 vol., Almaty: Arys, 2007; Kazakh-Russian dictionary, Almaty: DAYK-PRESS, 2001.
- 9 Marian Voytovich. *Dictionary of Old Russian personal names of the 11–14th centuries*, Poznan: Wydawnictwo Poznanskiego Towarzystwa Przyjaciół Nauk, 2012, 160 p.
- 10 Zhanuzakov T., Esbayeva K. *Kazakh names: dictionary reference*, Almaty: Gylym, 1988, 480 p.
- 11 Valikhanov Ch.Ch. *Collected works in five volumes*, 5, Almaty: Main edition of the Kazakh Soviet encyclopedia, 1985, 502 p.